**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес отырысының №3 хаттамасы**

Астана қаласы 2024 жылғы 20 маусым

**Төрағалық еткен:** Ішкі істер министрі Е.С. Саденов, Қоғамдық кеңес төрағасы Р.С. Ошақбаев.

**Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері:** М.А. Әбенов, Д.О. Әбибуллаев, Ө.Қ. Болсамбеков, И.О. Врачев, Б.С. Дүйсембинов, О.Т. Сыздықов, Б.Ж. Төйкебаева, Ә.Қ. Түгел, «ZOOM» арқылы онлайн режимде: С.Ж. Адамбаев, Ж.К. Ахметова, Н.Н. Балабаева, Н.О. Дулатбеков, Л.К. Жақыпова, Ж.З. Қосыбаев, Қ.Х. Рахымбердин, Д. Рахметуллин, А.Г. Орлова, О.Ю. Тарабукина, Д.Н. Тұрғанов, Ш.К. Хасанова, Т.Б. Әбілмәжінов, А.А. Саданов, О.Ж. Жолдасов, Қ.С. Дүйсембеков.

**Шақырылғандар:** Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы Т.Н. Жәнібеков.

**Пробация қызметінің жұмысы туралы: жай-күйі, проблемалары, шешу жолдары**

---

*(Р.С. Ошақбаев, Е.С. Саденов, Т.Н. Жәнібеков, Б.Ж. Төйкебаева, И.О. Вранчев, М.А. Әбенов, Б.С. Дүйсембинов, О.Т. Сыздықов, Ә.Қ. Түгел, Қ.Х. Рахымбердин, Ө.Қ. Болсамбеков)*

1. Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы Т.Н. Жәнібековтың пробация қызметінің қызметі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. **Ішкі істер министрлігіне** Қоғамдық кеңеске ІІО қызметін жетілдіру, заңнамадағы өзгерістерді, пилоттық жобаларды сынақтан өткізу және инновациялар туралы ақпаратты тұрақты негізде жолдау ұсынылады.

3. **Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне:**

- бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды, әсіресе әйелдер мен кәмелетке толмағандарды ұстау жағдайларын жақсарту бойынша шаралар қабылдау *(электр шәйнектерін, түрлі әдебиеттерді және т.б. қажетті заттарды пайдалануға рұқсат беру)*;

- Кеңес мүшелеріне Алматы қаласы, Алматы облысы және Жетісу облысы бойынша ҚАЖД-нің №10 мекемесіне *(Жауғашты кентінде сотталған әйелдерді ұстауға арналған мекеме)* баруға жәрдем көрсету;

- ӘПК-мен бірлесіп, пробация функцияларын әкімшілік полициясына берудің мақсаттылығы мәселесін пысықтау үшін Қоғамдық кеңес мүшелерін тарта отырып жұмыс тобын құру;

- ЖАО-мен бірлесіп, мекемелердің әйелдер мен балаларды тасымалдауы үшін автокөлік сатып алу мәселесін пысықтау;

- колонияларда жұмысқа орналасу, сұранысқа ие мамандықтарды оқыту және тілді үйрену мүмкіндігін қарастыру.

4. **Тергеу департаменті**:

- сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үш буынды моделінің мақсаттылығы туралы;

- УҰИ-ға кінәсі дәлелденген және АҚЖ белгілері жоқ қылмыстар бойынша ғана қамауға алу туралы мәселені қарастыру.

Ақпараттық саясат департаменті Кеңестің отырысы және БАҚ-та және ведомстволық интернет-ресурста қабылданған шешімдер туралы ақпарат орналастырылсын.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңестің хатшылығын **2024 жылғы 11 шілдеге** дейін хабардар етсін.

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы** **Р. Ошақбаев**

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес хатшысы** **Қ. Елубаев**